

Халықаралық қатынастар факультеті
«халықаралық құқық» мамандығының 4 курс бакалариаты үшін
«Халықаралық пенитенциарлық құқық» пәні бойынша қорытынды
емтихан бағдарламасы
Оқытушы з.ғ.к., аға оқытушы Әпенев С.М.

«Қорытынды емтиханды өткізу ережесі. Тестілеу»

Емтихан форматы – синхронды. Емтихандық тестілеу 50 адамға дейінгі шағын топтарға арналған университеттің СДО MOODLE ресми ақпараттық-білім беру платформасында ғана өткізіледі. Оқытушы СДО Moodle-де «Тест» элементін жасайды және сұрақтар банкісіне қолмен енгізе отырып, сұрақтармен толтырады. Билеттер автоматты түрде қалыптасады. Жүйе дұрыс жауаптардың кілттері бойынша автоматты түрде тексеріледі.

Тестілеудіен өтуді бақылау – онлайн прокторинг. Онлайн-емтиханды нақты түрде веб-камера бойынша маман да (күндізгі прокторинг), студенттің жұмыс столын, кадрдағы адамдардың санын, бөтен быбыстар мен дауыстарды және тіпті көзқарастың қозғалысын (киберпрокторинг) бақылайтын бағдарлама да тексереді. Көбінесе аралас прокторинг түрі қолданылады: емтиханның видеожазбасын бағдарламаның ескертпесі арқылы қосымша түрде маман да қарайды және шынымен де тәртіп бұзудың орын алғандығын анықтайды. Прокторинг болмаған жағдайда қоса алғанда 20 студентке дейінгі топтарда міндетті түрде видеожазба жүргізіледі. Видеожазбаның жауаптылығы оқытушыда болады. Видеожазба сессия аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде оқытушыда және кафедрада сақталады. Студент прокторинг бойынша нұсқаулықты СДО Moodle тыңғылықты таныса алады. Студент емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын прокторинг бойынша нұсқаулықтың талаптарына сәйкес емтиханға дайын болуы қажет.

Өткізу графигі: Емтихан «Универ» жүйесіне алдын ала енгізілетін кесте бойынша өткізіледі және студентке факультет және кафедра арқылы хабарланады. Студентке алдын ала ескертілетін бекітілген кесте бойынша өткізіледі.

Пән бойынша тест сұрақтарының саны: 5 кред. = 75 сұрақ. Тесте кем дегенде 4 түрлі сұрақтар бірдей көлемде қолданылады. 1 тест комплектіде (мысалы, 6 көптік таңдау + 6 дұрыс/дұрыс емес+6 қысқа жауап+7 сәйкестендіру = 25). СДО MOODLE емтихан уақытының ұзақтығы– 60 минут 25 сұраққа, 1 рет қана өтеді.

Бағалау саясаты: СДО Moodle-де жиналған балл «Тест» элементі үшін құрылған Moodle жүйесінің баға журналында тестілеу өткеннен кейін бірден көрсетіледі. Оқытушы балды ИС Univer – дегі аттестациялық ведомостке қолмен қояды. Баллдардың қою уақыты 48 сағатқа дейін.

Тестілеудің нәтижелері прокторинг нәтижелері бойынша қайта қарала алады. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзған болса, оның нәтижесі жоққа шығарылады.

Емтихан үшін тест сұрақтары берілетін пән тақырыптарының тізімі

1. Пенитенциарлық құқықтың түсінгі, міндеттері.
2. Қылмыстық жазаларды атқару бойынша халықаралық құқықтық стандарттар және заңдық күші.
3. Халықаралық стандартты актілер бойынша сотталғандардың құқықтық жағдайы.
4. Пенитенциарлық ғылымның негізін қалаушы Дж. Говард (1736-1790) пен И. Бентамның (1748-1832) идеялары және олардың түрмелердің заманауи түрме жүйелеріне әсері.
5. Пенитенциарлық мекемелердің әкімшілік және қызметкерлердің жұмысына қатысты ХҚ стандарттар және оларды ұлттық заңдарда жүзеге асырудың тәжірибесі
6. Қамаудағы адамдарды материалдық-тұрмыстық қажеттіліктермен қаматамасыз ету бойынша халықаралық стандарттар.
7. Бас бостандығынан айыру жазасын атқару мекемелерінің түрлері және олардың міндеттері.
8. Пенитенциарлық мекемелердегі сотталғандардың еңбек жағдайы.
9. ҚР және халықаралық актілер бойынша қамаудағы адамдарға медициналық көмек көрсету
10. ҚР және халықаралық стандарттар бойынша сотталғандарға білім беру.
11. Режимнің түсінігі және оны қаматамасыз ету құралдары.
12. ҚР және халықаралық стандарттар бойынша сотталғандарға тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру.
13. Сот шешімі шыққанға дейінгі қамаудағы адамдарға қатысты халықаралық стандарттар
14. Әр түрлі бас бостандығынан айыру мекемелерінде жаза атқарудың тәртібі.
15. Пенитенциарлық мекемелердегі сотталғандарды топтастыру.
16. ҚР және халықаралық актілер бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру жазасын атқару.
17. Бас бостандығынан айыру жазасынан босатылғандарға қатысты пробациялық бақылау.
18. Пенитенциарлық құқық бойынша халықаралық стандарттардың өзге құқықтық актілермен байланысы.

Оқулық әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару Кодексі. 2014 жылы қабылданған.
2. «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік бақылау туралы» 15 шілде 1996 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы.
3. Әпенев. С.М. Қылмыстық атқару құқығы. Оқулық құрал. –Алматы: Қаз МЗА, 2001ж.

4. Балтабаев. К.Ж. Исполнение наказаний: законодательство Республики Казахстан и международные нормы. –Алматы, 1999.
5. Ғаламтор ресурстары: . <http://adilet.zan.kz/rus/docs/O5700000001>
Минимальные стандартные правила обращения с заключенными от 30 августа 1955 г.
6. Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін қорындауға қатысты минималды стандартты ережелер (Пекин ережелері). БҰҰ Бас Ассамблеясында 1985 ж. 10 желтоқсанда қабылданған.
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O8500000002>